# Ұ й ғ а р ы м

2024 жылғы 26 қыркүйек Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.М.Өтегенова., Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» ШЖҚ МКК жауапкер «Алдан электроника» ЖК қатысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы қоюы бойынша азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарап,

## АНЫҚТАДЫ

ҚР Азаматтық процессуалдық кодексінің 235-бабына сәйкес бұдан әрі (АПК) сот өз бастамасы бойынша немесе іске қатысатын адамдардың арызы бойынша қате жазуларды немесе көрінеу арифметикалық қателерді түзете алады.

Шешімде қарар бөлігінде жауапкер «Алдан» деп қате танылған.

Іс материалдарын зерделеу барысында соттың ұйғарымының қарар бөлігінде қате жіберілгені анықталды.

Осыған байланысты сот, ұйғарымдағы қате жазуларды түзетуді енгізу қажет деп санайды.

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК 235, 268, 269 баптарын басшылыққа алып, сот

## ҰЙҒАРДЫ:

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2024 жылғы 01 тамыздағы талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» ШЖҚ МКК жауапкер «Алдан электроника» ЖК қатысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы шешіміне түзетулер енгізілсін.

Шешімнің қарар бөлігіне келесідей түзету енгізілсін: Жауапкер ретінде «Алдан электроника» ЖК жазылуы тиіс.

Жеке шағым, прокурордың өтінішхаты ұйғарым түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына келтіруге болады.

Судья А.М.Өтегенова

Құжатқа қол қойылған: Утегенова А. М., 26.09.2024

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М
(қысқаша)

2024 жылғы 01 тамыз №7119-24-00-2/9169 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.К.Нұрланов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен электронды азаматтық істі қарап

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**

Астана қаласы әкімдігінің "Астана су арнасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі – ШЖҚ МКК)

**ЖАУАПКЕР:**

"Алдан" ЖК жеке кәсіпкері (бұдан әрі- ЖК)

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**

мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің "Астана су арнасы" ШЖҚ МКК жауапкер "Алдан" ЖК қатысты мемлекеттік сатып алудын жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

"Алдан" ЖК ЖСН 621121402518 мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

"Алдан" ЖК ЖСН 621121402518 мемлекет пайдасына 1 864 (бір мың сегіз жүз алпыс төрт) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Б.К.Нұрланов

Құжатқа қол қойылған Нұрланов Б. К., 01.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 10.09.2024, судья Утегенова А. М., 08.10.2024

7119-24-3-1/8464